

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
6В017 - ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ
БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 8 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

29.04.2024 жыл

Қатысқандар: АҚ төрағасы - ф.ғ.к. С.Б.Бейсембаева, академиялық персонал - ф.ғ.к. Г.Қ.Жылқыбай, академиялық персонал – PhD М.Е.Сейтова, академиялық персонал – PhD Л.Қазыханқызы, академиялық персонал – PhD, Г. Ризоходжаева, академиялық персонал – ф.ғ.к. С.Мағжан, академиялық персонал – ф.ғ.к. П.Адиева, академиялық персонал – ф.ғ.к.А.Байтуова, академиялық персонал – ф.ғ.к. Ж.Ошақбаева, академиялық персонал – У.Раметова, білімгерлер өкілі – Б. Бейсенбаева, білімгерлер өкілі - Г. Маннапова, білімгерлер өкілі – Ж. Бердибай, жұмыс беруші өкілі – Р.К. Урумова, жұмыс беруші өкілі – М.К. Исраилова, жұмыс беруші өкілі – А.М. Аманбаева.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау.
2. ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау.
3. Қажет жағдайда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс әзірлеу.
4. ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау

ТЫҢДАЛДЫ:

АҚ төрағасы, С.Бейсембаева: Күн тәртібіндегі **бірінші сұрақ** бойынша **АҚ төрағасы, С.Бейсембаева** сөз алып: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2024-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы №76 24 ақпан 2024 ж. мәжілісінде талқыланып, бекітілгені туралы айтып өтті. Сол даму жоспарында 2.3 пунктінде университетіміздің мүмкіндіктері жақсы ашылып жазылғаны туралы айтты. Даму жоспарындағы көрсетілген мүмкіндіктерін біздің бағыттағы ББ-ларына қаншалықты қолдануға болатыны туралы талдау жасаған **АҚ мүшесі, академиялық персонал PhD М.Сейтоваға** сөз беріледі.

АҚ мүшесі, академиялық персонал PhD М.Сейтова: Даму жоспарындағы белгіленген мүмкіндіктерге толық талдау жасалынды. Талдау есебін назарларыңызға ұсынуға рұқсат етіңіздер.

Презентация көрсетілді.

Келесі сөз кезегін **АҚ мүшесі Г.Қ.Жылқыбай** алды: Бүгінде университет заманауи көп бейінді университет ретінде қалыптасты: жеткілікті материалдық-техникалық база құрылды, оқу ғимараттары, кітапханасы, жатақханалары бар университет қалашығы (кампус) салынды; көп деңгейлі кадрларды даярлау іске асырылуда: жоғары базалық білім (бакалавриат), интернатура, магистратура, резидентура және докторантура. Қазіргі уақытта университетте 1000-нан астам оқытушы жұмыс істейді, орташа ғылыми дәрежелілік көрсеткіші – 46%. Профессор-оқытушылар құрамының және әкімшілік персоналдың шамамен 5%-ы Түркиядан және басқа да шет мемлекеттерден келген мамандардан құралған. Осы көрсеткіштер де көп мүмкіндіктер береді.

Келесі сөз кезегін **АҚ мүшесі, Ж.Б.Ошақбаева** сөз алды: Түркиялық жоғары оқу орындары университеттің стратегиялық серіктестері болып табылады. Жалпы, Ахмет Ясауи университеті 50-ден астам университетпен белсенді жұмыс істейді.

Бүгінгі таңда жоғары оқу орны шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы 180 келісім-шарт, "Erasmus+" халықаралық кредиттік ұтқырлық (ICM) бағдарламасы бойынша (Сивас Жумхуриет, Думльпинар, Ушак, Эскишехир Памуккале және т.б. университеттерімен) 24 келісім-шарт және "Erasmus+" жоғары білім берудегі әлеуетті арттыру (CBHE) ғылыми жобалар бағдарламасы бойынша (Испания, Италия, Кипр, Өзбекстан, Қазақстан ЖОО мен) серіктес болып консорциум жобасына қатысты.

«Мевлана» академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде екі жақты келісім негізінде Түркияның жетекші жоғары оқу орындарымен (Хаджеттепе университеті, Гази университеті, Эрджиес университеті, Эге университеті, Памуккале университеті) және «Орхун» бағдарламасы шеңберінде Өзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Мажарстан, Өзбекстан және Түркиядан 49 университетпен ОПҚ-ның және білім алушылардың академиялық ұтқырлығы жүзеге асады.

Жыл сайын орта есеппен 60 студент академиялық ұтқырлық бағдарламалары шеңберінде шетелге оқуға жіберіледі.

Визитинг профессор бағдарламасы аясында дәріс-семинар беру үшін жыл сайын Ұлыбритания, Испания, Норвегия, Ресей, АҚШ, Түркия, Азейрбаджан, Өзбекстан және Қырғызстан жоғары оқу орындарынан (Оксфорд, Эксетер, Лестер, Кембридж, Брунел, Гази, Хажеттепе және т.б.) танымал профессорлар шақырылады. Бұл да керемет мүмкіндіктерінің бірі деп есептеймін.

Күн тәртібіндегі **екінші сұрақ** бойынша **АК төрағасы, С.Бейсембаева**: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарында 9.1. пунктіне сәйкес негізгі жұмыс орны ЖЖОКБҰ болып табылатын оқытушылардың 3 (үш) жылда бір реттен кем емес оқытылатын пәндер бейініне сәйкес бір оқу курсында кемінде 72 (жетпіс екі) сағат көлемінде біліктілігін арттыруды қамтамасыз етілу керек. Осыған байланысты кафедралар талдау жұмыстарын жүргізді. Талдау нәтижелерімен таныстыру үшін кафедра меңгерушілеріне сөз береміз.

АК мүшесі, академиялық персонал PhD М.Сейтова: Педагогикалық шетел тілдері кафедрасы бойынша ОПҚ-ның біліктілігін арттыру сертификаттары толық талдаудан өткізілді. Пән бейініне сәйкес барлық оқытушылардың сертификаттары 100% бар. Инклюзивті білім беру бойынша сертификат мерзімдері өтіп кеткен. Осыған байланысты курстар ұйымдастырылу қажет.

АК төрағасы, С.Бейсембаева: Орыс тілі және әдебиеті кафедрасындағы ОПҚ-ның біліктілігін арттыру сертификаттары толық қаралды. Біраз сертификаттардың мерзімі өткен. Осыған байланысты жоспар құрылды. Жаздай біліктілік арттыру курстарынан өту керек болып тұр. Бірнеше біліктілікті арттыру орталықтарымен байланыс жасап жатырмыз. Жаңа оқу жылына дейін жоспарымызды орындаймыз.

Келесі сөз кезегін **АК мүшесі Г.Қ.Жылқыбай** алды: Қазақ филологиясы кафедрасындағы ОПҚ-ның біліктілігін арттыру сертификаттары толық қаралды. Пән бейініне сәйкес барлық оқытушылардың сертификаттары 100% бар. Инклюзивті білім беру бойынша сертификат мерзімдері өтіп кеткен. Біліктілік арттыру орталығымен байланыс орнатылды. Курстар ұйымдастырылады.

Күн тәртібіндегі **үшінші сұрақ** бойынша **АК төрағасы, С.Бейсембаева**: Кафедралардың ОПҚ-ның ғылыми дәрежесін арттыру мақсатында қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс әзірленгені туралы айтты.

№	Кафедра атауы	Сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытының бейіні	Лауазымдар атауы (саны)			
			.ғ.д., доцент, профессор	.ғ.к./ PhD., доцент/аға оқытушы	Аға оқытушы	Магистр, оқытушы

Қазақ филологиясы кафедрасы	В016 – Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	0,5	3,5		
Педагогикалық шетел тілдері кафедрасы	В018 - Шет тілі мұғалімдерін даярлау		5	1	
Орыс тілі және әдебиеті кафедрасы	В017 - Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	2	10	2	5,5
Барлығы:		2,5	18,5	3	5,5

Күн тәртібіндегі **төртінші сұрақ** бойынша **АК төрағасы, С.Бейсембаева**: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарында 2.1. пунктінде сәйкес оқу бағдарламаларының пәндерін оқыту тілдерінде 100% қамтамасыз ететін, баспа және (немесе) электрондық басылымдар форматындағы оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттердің кітапхана қорының болуы туралы айтылған. Осыған байланысты әр ББ бойынша баспа және (немесе) электрондық басылымдар форматындағы оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттердің кітапхана қорына талдау жүргізіліп, ұсыныстар дайындалды.

АК мүшесі, академиялық персонал PhD М.Сейтова: 2024-2025 оқу жылына Филология факультетіне қарасты Педагогикалық шетел тілдері кафедрасында оқытылатын В018 - Шет тілі мұғалімдерін даярлау тобы және 7М01708 - Шетел тілі: екі шетел тілі білім беру бағдарламасы бойынша оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету мақсатында мына төмендегі көрсетілген пәндерге қатысты кітаптарды сатып алуға ұсыныс дайындалуда:

В018 - Шетел тілдері мұғалімдерін даярлау тобы бойынша

1. Ағылшын тілінің практикалық фонетикасы
2. Ауызша қарым-қатынас формаларын дамыту
3. Академиялық дағдыларды жетілдіру негіздері
4. Арнайы мақсаттағы шетел тілі
5. Ағылшын тілі (С1 деңгейі)
6. Екінші шет тілінің практикумы (қытай тілі)
7. Қытай тілі 1 (В1 деңгейі)
8. Қытай тілі 1 (А2 деңгейі)
9. Қытай тілінде тыңдау және сөйлеу II
10. Қытай тілін оқыту әдістемесі
11. Қытай тілінің ресми іс қағаздары
12. Қытай әдебиеті
13. Қытай тілінің теориялық грамматикасы
14. Қытай баспасөз тілі
15. Қытай тілі 1 (В2 деңгейі)
16. Кәсіби қытай тілі
17. Қытай тілінде әдеби шығармашылық (эссе)
18. Қытай тілі 1 (С1 деңгейі)
19. Ағылшын тілін оқытуда тестілеу және бағалау
20. Жазбаша және ауызша аударма
21. Ағылшын тілінің лексикологиясы
22. Ағылшын тілінің теориялық грамматикасы
23. Классикалық және қазіргі заманғы әдебиет
24. Мәдениет аралық коммуникация
25. Аудармашы кәсіби қызметінің негіздері
26. Ағылшын және американ әдебиеті
27. Ағылшын тілінде әдеби шығармашылық (эссе)

28. Ағылшын тілін оқытудың психологиясы
29. Ағылшын тілін оқытудағы ақпараттық технологиялар
30. Ағылшын тілін оқытудағы ақпараттық технологиялар

7M01708- Шетел тілі: екі шетел тілі білім беру бағдарламасы бойынша

1. Ағылшын тілін оқытудағы грамматиканың рөлі
2. Ағылшын тіліндегі дискурстық талдау
3. Шет тілдік білім берудегі әлеуметтік лингвистика мәселелері
4. Шетел тілі (кәсіби) II
5. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы шеттілдік білім беру жүйесінде
6. Лингвистикалық зерттеулердегі жаңа технологиялар

Келесі сөз кезегін **АК төрағасы, С.Бейсембаева** 2024-2025 оқу жылына Филология факультетіне қарасты Орыс тілі және әдебиеті кафедрасында оқытылатын 6B01764 – Орыс және орыс емес тілдерде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті бағдарламасы бойынша оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету мақсатында мына төмендегі көрсетілген пәндерге қатысты кітаптарды сатып алуға ұсыныс дайындалуда:

1. Қазіргі орыс әдебиеті (21 ғасырдың басы).
2. Тиімді қарым-қатынас.
3. Іскерлік коммуникация мәдениеті: заманауи трендтер.
4. Риторика және сөйлеу жазу негіздері.
5. Нейминг және копирайтинг негіздері.
6. Көпмәдениетті кеңістіктегі тіл экологиясы.
7. Орыс тілінің фактілері туралы тарихи түсініктеме.
8. Мәтіннің лингвомәдени талдауы.
9. Көркем мәтіннің герменевтикалық талдауы.
10. Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімінің тәжірибесіндегі сандық технологиялар.
11. Орыс тілі мен әдебиеті сабақтарын модельдеу.
12. Орыс тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесі.
13. Заманауи оқу стратегиялары.
14. Көп мәдениетті ортадағы заманауи білім беру технологиялары.

Келесі сөз кезегін **АК мүшесі Г.Қ.Жылқыбай** алды: 2024-2025 оқу жылына Филология факультетіне қарасты Қазақ филологиясы кафедрасында оқытылатын 6B01716 - Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету мақсатында мына төмендегі көрсетілген пәндерге қатысты кітаптарды сатып алуға ұсыныс дайындалуда:


6B01716 – Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша

1. Әлем әдебиеті және оқыту жүйесі
2. Оқу сауаттылығы және оқыту негіздері
3. Қазақ тілі емлесі мен тыныс белгілері
4. Салыстырмалы грамматика
5. Қазақ жазу тарихы
6. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы
7. Қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ үлгілерін жасау негіздері
8. Мәтін және лингвомәдени талдау негіздері
9. Қазақ метатілі және академиялық жазу негіздері
10. Көркем шығарманы герменевтикалық талдау
11. Аталым теориясы және мәтін құру негіздері
12. Тілдік кеңістік және қазақ тілі экологиясы

ШЕШІМ:

1. ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау есебі қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізіміне сәйкес жоспар құрылып біліктілік арттыру курстары ұйымдастырылсын.
3. Қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс Адам ресурстарын басқару бөліміне жіберілсін.
4. ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс берілсін.
4. Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қанағаттанарлық деп бағалансын.

Мәжіліс төрағасы:



С. Бейсембаева

Хатшысы:



У. Раметова